

"Энергетикалық сараптаманы жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі міндетін атқарушының 2004 жылғы 10 қыркүйектегі № 214 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2013 жылғы 04 қарашадағы № 343 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1-бабының 1-тармағына және 43-1-бабының 1-тармағына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1 . М ы н а д а й :

1) «Энергетикалық сараптаманы жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі міндетін атқарушының 2004 жылғы 10 қыркүйектегі № 214 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 22 қыркүйекте № 3089 болып тіркелген, «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетені» журналында 2004 жылы жарияланған, № 41–44, 1035-құжаттар);

2) «Энергетикалық сараптаманы өткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 10 қыркүйектегі № 214 бұйрығына толықтыру енгізу туралы » Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2005 жылғы 2 ақпандағы № 23 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 1 наурызда № 3471 болып тіркелген, «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетені» журналында 2005 жылы жарияланған, № 9–13, 34-құжаттар) ;

3) «Энергетикалық сараптаманы жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі міндетін атқарушының 2004 жылғы 10 қыркүйектегі № 214 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі міндетін атқарушының 2011 жылғы 7 қыркүйектегі № 313 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылғы 22 қыркүйекте № 7195 болып тіркелген, «Казахстанская правда» газетінде 2011 жылғы 24 қыркүйекте № 308–309 (26699-26700) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Электр энергетикасы және көмір өнеркәсібі департаменті (С.Қ. Есімханов) бір апталық мерзімде осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберсін және оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Б.М. Жақсалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасының Индустрия
және жаңа технологиялар министрі Ә. Исекешев